14.01.2022-ғы № 04-08/94 шығыс хаты
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТІРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Петропавл к., Қазақстан Конституциясы к., 72
тел/факс:(7152) 33-28-75
e-mail: fink.petr@minfin.gov.kz

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

г.Петропавловск, ул. Конституции Казахстана, 72
тел/факс:(7152) 33-28-75
e-mail: fink.petr@minfin.gov.kz

«____»_____ № _____

«Каз Нұр жобалау-құрылыс институты» ЖШС
Шымкент қ., Байдібек Би даңғылы, 49А

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* сіздің 2022.05.01. №127480 (5-ЗТ-П) өтінішіңіздің негізінде «Петропавл қаласы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ №6483195-1 ашық конкурс тәсілімен, №46639770-ОК1 лоты бойынша жүргізілген *«СҚО Петропавловск қаласындағы Пушкин - Крепостная-Советская көшелерінің шекарасында 9 қабатты көп пәтерлі тұрғын үй салуға (сыртқы инженерлік желілермен және аумақты абаттандырумен (байланыстыру)» жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу бойынша жұмыстар»* мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жүргізілді, онда сіздің дәлелдеріңіз расталды.

Конкурстық комиссияның сіздің конкурстық өтініміңізге жұмыс тәжірибе үшін шартты жеңілдікті дұрыс есептемеуі мәселесі бойынша ҚР Қаржы министрінің 2015.11.12. № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі - №648 қағида) 153-тармағына және 155-тармағына және Конкурстық құжаттаманың 44-тармағына сәйкес мынаны хабарлаймыз *«Конкурсқа қатысуға бір өтінім берілген жағдайларды қоспағанда, конкурстық комиссия конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындысы туралы хаттаманы қалыптастыру кезінде, осы Қағидалардың 152-1-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге қолданылатын, конкурстық құжаттамада көзделген өлшемдерге сәйкес шартты жеңілдіктерді анықтайды.»*.

«Егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер (жобалаушы) ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер (қосалқы жобалаушы) ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс нысанасы болып табылатын

14.01.2022 ЭҚАБЖ МО (7.18.4 нұсқасы)

жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бұл жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер (қосалқы жобалаушы) ретінде орындаса, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Құрылыс объектісі деп бір азаматтық-құқықтық шарт шеңберінде орындалған, нысанасы өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасына сәйкес келетін жұмыстар түсініледі.

Жұмыстар деп бір азаматтық-құқықтық шарт шеңберінде орындалған, нысанасы өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасына сәйкес келетін жұмыстар түсініледі.

Егер конкурс (лот) тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға бөлінген сома тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі жүз мың еселенген мөлшерінен аспайтын болса, осы өлшемнің конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері бес пайыздан аспайды.

Жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 5 және 5-1-қосымшаларға сәйкес жүзеге асырылады.»

Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаның 2-тармағына сәйкес *«Растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) соңғы он жыл ішінде орындалған жұмыстардың тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер»* ұсынылады.

Сондай-ақ, конкурстық құжаттамаға 5-қосымша ескертпесіндегі 3-тармағына сәйкес *«Егер конкурстың мәні жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу болып табылған жағдайда, <u>сараптаманың оң қорытындысының электрондық көшірмесі</u> жұмыс тәжірибесін растайтын құжат болып табылады»* деп көзделген.

конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаң ескертпесіндегі 9-тармағына сәйкес *«<u>Әлеуетті өнім берушінің</u> құрылыс (құрылыс-монтаждау жұмыстары және <u>жобалау</u>) саласындағы жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде <u>жиынтығында келесілер ескеріледі</u>:*

1) ғимараттар мен үймереттердің жауапкершілік деңгейі (біріншісі-жоғары, екіншісі-қалыпты, үшіншісі-төмен);

2)объектілердің техникалық күрделілігі (техникалық жағынан күрделі объектілерге жататын ғимараттар мен үймереттер және техникалық жағынан күрделі объектілерге жатпайтын ғимараттар мен үймереттер);

3) функционалдық мақсаты (өнеркәсіптік объектілер, өндірістік ғимараттар, үймереттер, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер, өзге де үймереттер);

4) бұрын орындалған жұмыстардың осындайлығы немесе ұқсастығы, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілердегі жұмыстарды қоспағанда, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы Заңының (бұдан әрі – «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заң) бірінші санаттағы рұқсаттар (лицензиялар) тізбесінің 5 және 6-бөлімдерінде

14.01.2022 ЭҚАБЖ МО (7.18.4 нұсқасы)

көзделген, лицензияланатын қызмет түрінің конкурс нысанасымен бір кіші түрінде болған жағдайда ескеріледі.

Бұдан басқа, конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаның *(Біліктілік туралы мәліметтер)* 5-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші *Функционалдық мақсаты (өнеркәсіптік объектілер, өндірістік ғимараттар, үймереттер, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер, өзге де үймереттер)* бағанын, сондай-ақ *Объектілердің техникалық күрделілігі (техникалық күрделі объектілерге жататын ғимараттар мен үймереттер және техникалық күрделі объектілерге жатпайтын ғимараттар мен үймереттер) және ғимараттар мен құрылыстардың жауапкершілік деңгейін (бірінші - жоғары, екінші - қалыпты, үшінші - төмен)* бағанын толтырады.

Конкурстық құжаттамаға 1-2-қосымшаның 5-тармағына сәйкес Тапсырыс беруші жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу/түзету/есептеу/жасау бойынша сатып алынатын жұмыстар мәніне конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) соңғы он жыл ішінде орындалған жұмыстар тәжірибесінің болуы критерийін белгіледі, **екіншісі** –функционалдық мақсаты техникалық жағынан күрделі ғимараттар мен үймереттердің **жауапкершілігінің қалыпты деңгейі** - тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер.

Осылайша, 2021.30.12. №6035540 қорытынды хаттамасына сәйкес конкурстық комиссия сіздің өтініміңізге 2 жыл жұмыс тәжірибесі үшін 4% мөлшерінде шартты жеңілдік қолданды.

Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаның 5-тармағында растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса берумен, шартты жеңілдік **5% - 5 жыл** жұмыс тәжірибесін құрауы тиіс деп мәлімдедіңіз *(2015ж., 2016ж., 2017ж., 2019ж., 2020ж.).*

Осылайша, Конкурстық комиссия №648 Қағидалардың 155-тармағын бұза отырып, сіздің өтініміңізге 2 жыл жұмыс тәжірибесі үшін 4% мөлшерінде шартты жеңілдік қолданды, ал олар 5% - 5 жыл қолданылуы тиіс еді.

Департамент Мекеменің атына камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жіберді.

Камералдық бақылау ҚР Қаржы министрінің 2015.30.11. №598 бұйрығымен бекітілген камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 21-тармағына сәйкес жүргізілгенін атап өткен жөн.

2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 100-бабы 6-тармағына сәйкес *«Егер шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда, әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағымды қарайтын басқа органға немесе сотқа шағым жасауға құқылы».*

Басшының орынбасары **Т.Дүйсенбеков**

14.01.2022 ЭҚАБЖ МО (7.18.4 нұсқасы)

Орынд.: Ереженов Ж.Ж.
Тел.: 8(7152)33-28-75

14.01.2022 ЭҚАБЖ МО (7.18.4 нұсқасы)